

«Қосымша білім беру ұйымдарындағы және жалпы білім беру мектептеріндегі әскери-патриоттық тәрбие» тақырыбында қосымша білім беру ұйымдары педагогтеріне арналған республикалық біліктілікті арттыру курстары бойынша қорытынды ақпарат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2014 жылғы 15-19 қыркүйекте «Қосымша білім беру ұйымдарындағы және жалпы білім беру мектептеріндегі әскери-патриоттық тәрбие» тақырыбында қосымша білім беру ұйымдары педагогтеріне республикалық біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырды.



Ұсынылып отырған бағдарлама патриоттық бағыт бойынша балаларға қосымша білім беруді дамыту мен одан әрі жетілдіруге қатысты негізгі сұрақтарды қамтыды.

Курсқа жиналған 87 тыңдаушы республикамыздың барлық өңірлерінен келді.

Курс бағдарламасы блоктық-модульдық тәсілге негізделген. Дәріс және практикалық сабақтар екі тілде: мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізілді. Дәрістерді Н. Гумилев атындағы Евразиялық Ұлттық университеті, "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ докторлары мен кандидаттары, «Қазақстанның әскери-патриоттық клубтар Одағы» ҚФ жобасының менеджері, Астана қаласы Білім басқармасы және қорғаныс істері бойынша департаментінің мамандары, әскери-қолданбалы спортының бас тренерлері оқыды.



Сабақ барысында әскери патриоттық тәрбие мәселелері, оқушыларды азаматтық-патриоттық іс-әрекетке кірістіру жайында тыңдаушылар жинақталған үлкен оң іс-тәжірибелерімен бөлісті. Өз іс-тәжірибесімен ШҚО-дан полковник Таймасов Сабыр Ахметжанұлы, Ақтөбе облысынан - Жұмағамбетов Бағдат Сағынбайұлы мен Өтепберген Айбек Өмірзақұлы, ОҚО-дан Балтабаев Сабыржан және басқалар таныстырды.



Еліміздің атынан Қырғызстанда І Халықаралық әскери-спорттық жастар ұйымдарының жиынына қатысып, бас жүлдеге ие болған Степногорск қаласының «Сұңқар» әскери спорттық клубының және Қарағанда қаласының әуе мұражайының жұмыс тәжірибесі қызықты да өнегелі болды.

Оқу-тәжірибелік сабақтармен қатар тыңдаушылар «Атамекен» этно-мемориалдық кешеніне, № 17 мектеп-

гимназиясының Әскери Даңқ мұражайына экскурсияға барды.

Курс соңында жобаларды сәтті қорғап шыққан курс тыңдаушыларына біліктілікті арттырғандығы туралы куәлік тапсырылды.

Әуе мұражайының жетекшісі Кәрібекова Мағрифа Аманбековнаға мұражай педагогикасының дамуына қосқан үлесі үшін Ю. Гагарин атындағы ҒДО-ның «Ғарыш алдындағы үлесі үшін» медалі және ҚР БЖҒМ РҚББОӘО-ның алғыс хаты табысталды.

Педагогтер сабақтардың танымдық және тәжірибеге бағдарланған сипатта сапалы ұйымдастырылғанын атап айтып, қанағаттанды.

